

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

Таким образом, архивные документы отражают короткий, но очень важный период жизни лидера движения «Алаш» – борца за свободу казахского народа Ахмета Байтурсынова.

40

КАНЦЕЛЯРИЯ
Оренбургского Губернатора в. Секретно
16. АВГ. 1916
Вх. № 532
НАЧАЛЬНИК
Оренбургского
Губернского Жандармского
УПРАВЛЕНИЯ
Разработкой изложенных в копии телеграммы
Губернатора Уральской области свидѣній о про-
тивоправительственной дѣятельности редактора
газеты БАЙТУРСУНОВА и сотрудников БУКЕЙХАНОВА
и ДУЛАТОВА установлено слѣдующее:
БАЙТУРСУНОВЪ, Ахметъ Байтурсуновичъ, 42 л.,
бывшій учитель, киргизъ № 5 аула, Турсунской во-
лости, Тургайской области, состоитъ редакторомъ
газеты "Казакъ".
На № 1691.
Въ 1909 году Байтурсуновъ былъ арестованъ
въ г. Каркаралахъ, Семипалатинской области и

8 августа 2022 г. 1:15

«Егемен Қазақстан» газеті,
26.07.2022

ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖАЙЛЫ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

БЕРДИКУЛОВА А.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, докторант
Астана, Қазақстан

Аннотация. В статье раскрывается значение методологических идей А.Байтурсынулы, Ж.Аймауытулы, К.Кеменгерова и Т.Шонанова о преподавании языка и подборе текста. Анализируются мнения казахстанской интеллигенции о развитии навыков обучения при обучении языкам.

Abstract. The article reveals the significance of the methodological ideas of A. Baitursynuly, Zh. Aymauly, K. Kemengerov and T. Shonanova on language teaching and text selection.

The opinions of the Kazakh intelligentsia on the development of learning skills in teaching languages are analyzed.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері ұлттық құндылықтарға ұмтылып, ана тіліміздің болмысына тарихи тұрғыдан қарау, қазақ тілін оқытудың оңтайлы әдіс-тәсілдерін қарастыру бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда қазақ даласында ғылым-білімнің қалыптасуына ықпал еткен алаш азаматтарының мұралары қазіргі қоғамда кең сұранысқа ие болып, жан-жақты насихатталуда. Әсіресе қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған алаш қайраткерлерінің еңбектерінің маңызы зор. Себебі Алаш қайраткерлерінің сол замандағы еңбектеріндегі мәселелер бүгінгі күнгі ғалымдардың зерттеулерімен сабақтас.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының тарихы өзінің бастауын А.Байтурсынулы еңбектерінен алады. А.Байтурсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш

жұмсады. Ахаңның қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысы туралы жазған әліпбилері, оқу құралдары, мақалалары қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалады. Бұл атқарылған шаруалардан бөлек А.Байтұрсынұлы қазақ әліппесін және емлесін түзетуге бар күшін салды.

Бүгінгі тіл үйрету әдістемесінде қолданылып жүрген «оқылым», «жазылым», «айтылым» терминдерінің бастауын А. Байтұрсынұлының «Ана тілінің әдісі» атты мақаласынан кездестіреміз: «Тіл үйрету дегенге оқу үйрету, жазу үйрету, сөйлеу үйрету кіреді. Сөйлеуді айрықша үйретпей-ақ, әуелі, ата-анасынан, онан кейін айналасынан үйреніп біліп кетеді. Оқу мен жазу ондай емес, бұлар айрықша үйретуді керек қылады». Ғалымның бұл пікірі келесі: «Тіл – тіршілік құралы. Тіл үйрету (оқу, жазу, сөйлеу үйрету мағанада) сол тіршілік құралын жұмсауды үйрету», - деген жолдарда ары қарай нақтылана түседі [2, 576-б.].

Мақаламызда келесі кезекте осы сөйлесім әрекетінің түрлерінің ішіндегі оқылым дағдысын қалыптастыруға қатысты алаш арыстары А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанов, Ж. Аймауытұлылардың ой-пікірлеріне тоқталмақпыз.

1. Аталған ғалымдар оқылым әрекетін дамыту ісі әрқашан жазылым әрекетін қалыптастырумен қатар жүруі керек деп есептейді. Т. Шонанов: «Сауат аштырғанда жазу-оқу қатар жүруі керек», - десе [2], Қ. Кемеңгеров: «Оқумен қатар жазуға үйрету керек», - деп, осы пікірді қуаттай түседі [3].

Ал А. Байтұрсынұлы ана тілін оқытуда қолданылатын «Жазу-оқу» деген әдісті тиімді деп санайды: «Былай деп біреулер жазу мен оқу екеуін қабат үйретуді айтады. ...Мұнан бұрын ылғи оқу алда жүріп, жазу соңғы жүруші еді. «Жазу-оқу» әдісі шыққаннан кейін оқу мен жазу екеуі қатар жүретін болды. Оқытушылар үйретуді оқудан бастаса, әдістер, оқығанын жаздырып отыратын болды; жазудан бастаса, – жаздырғанын не жазғанын оқытып отыратын болды» [4].

2. Оқылым әрекетін дамытуда оның әр алуан түрлерін қолдану аса маңызды. Ж. Аймауытұлы «Ана тілінің оқыту әдісі» деген мақаласында оқылымның бірігіп оқу, толайлап оқу, жеке-дара оқу, өз бетімен оқу, дауыстап оқу және әлеумет алдында оқу деген түрлерін атап көрсетеді:

- «Бірігіп оқу деген бар. Мұнда барлық бала өз бетімен оқуға бір әңгіме беріледі, балалар әңгімені ішінен оқиды да артынан сол туралы кеңеседі.

- Толайлап оқу бар. Мұнда барлық бала бірнеше топқа бөлінеді де, бір мәселеле жөнінен әр түрлі әңгіме беріледі. Мысалы, мәселе «Үй айуандары» жөнінен екен. Бір топқа – ат, бір топқа – сиыр, 3- топқа – қой, 4- топқа – түйе туралы әңгіме оқуға тапсырылады. Бәрі оқып болған соң, оқыған әңгіменің мазмұны туралы жалпы кеңеседі.

- Жеке-дара оқу бар. Мұнда бір балаға бір әңгімені оқып кел деп тапсырады да, ол бала даярланып келіп, бар балаға оқып шығады. Өзгелері тыңдап болып, сұрау береді, кеңеседі. Бұл жақсы оқуға төселдіру үшін. Әрине, ондай жұмыс балаларға кезек беріледі.

- Өз бетімен оқу бар. Мұнда бала қызық көрген кітапты алады да үйіне апарып оқып, үй ішіне тыңдатады. Ондай оқу есепсіз оқу, немесе ермек болмас үшін, кітаптың несі ұнады, несі ұнамады? Деген тәрізді бірдеңе жазып келуге, айтып беруге үйретеді.

- Дауыстап оқу деген болу керек. Мектепте, не қирағатқанада 3-, 4- кіластың балалары бірігіп даярланып, бір әңгімені бір балаға оқытады, өзгелері тыңдайды. Алды мен жақсы оқитындар бастап, жүре-жүре барлық балалар кезектесіп оқитын қылу керек.

- Әлеумет алдында оқу бар. Бір мереке, не мейрам кезінде жоғарғы кіластың балалары өлең, тақпақ, шебер сөз жат тап айту мен қабат, жиылған әлеуметке пайдалы, маңызды мақала, әңгімелер оқып естірту керек, ол үшін, әрине, күн бұрын даярланады. Бірнеше рет жолдастарына мұғаліміне тыңдатып, сынатып, түзеп оқиды» [5].

Ж. Аймауытұлы оқылымның осы түрлерін саралай келе, әдістеме барысында жақсы мұғалім осы түрлердің бәрін де қолданатынын, тіпті өзі де түр қосатынын айтады. «Алғашқы жылдарда мұғалім көркем сөздерді бажайына келтіріп, өзі оқып, жүріп, төселген сайын балалардың өздеріне оқытады», - деп, оқылым дағдысын дамытудың нақты жолдарын айқындап береді [5].

3. Алғашқы қазақ оқу құралдарын дайындап, оның әдістемесін ұсынған алаш зиялылары оқылымға ұсынылатын мәтіндерге қойылатын талаптарды да нақтылап көрсетіп берді. Т.М. Әбдікәрімова «А.Байтұрсынұлының «Әліб-бій» оқулығының әдістемелік сипаты» деп аталатын мақаласында А.Байтұрсынұлы әліппе мәтіндерін құрастыруда деректерді өз ортасынан алып отырғандығын жазады [6, 198]. Әліппедегі материалдар балалардың қабылдауына жеңіл, тәрбиелік мәні тереңінен қарастырылып, өте ұқыптылықпен жүйеленген. Батыс, шығыс, орыс әдіскерлерінің еңбектерімен таныс болып, сол білімін халықтың түсінігімен ұштастыру – А.Байтұрсынұлының нағыз әдіскердің шеберлігі.

Ж. Аймауытұлының: «Кіласта оқығанда, шын жаңа, қызық әңгіме алыну керек; балалардың жайшылықта оқи бермейтін, «ші пыспайтын, әңгімесі болу керек. Ондай әңгімені мұғалім, не жақсы оқитын бала оңдап оқып, өзгелер тыңдап үйренсе, оқушыға да, тыңдаушыға да зор пайда бар», - деген пікірі де оқылым дағдысын қалыптастыруда оқу материалын таңдауға қойылатын талаптың жоғары болуы керектігін көрсетеді. Автордың: «Әуелгі кезде әуездеме, әліппе түріндегі әңгімелер алынып, байымдама түрлеріне жүре көшкен жөн. Мұндай деректер оқу кітаптарынан, көркем әдебиеттен, балалар әдебиетінен, журналдан, уақ кітапшалардан табылады, өмірді әр жағынан суреттей алмаған, мақсаты, өнегесі көмескі, сыңар жақ, немесе ерсі сөзді әңгімелерден қашу керек. Ойды қозғағандай, білім бергендей, көңілді ашқандай, көркемдік сезімін оятқандай, бернелі, үлгілі, толғаулы, дәмді, сөздер алыну керек; балаларға дүниеге затшылдық көзқарас сіңіргендей, бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылдырылғандай, еңбекке баулығандай сөздер оқытылғаны дұрыс», - деген пікірі бүгінгі қазақ тілі, әдебиеттік оқу оқулықтарына мәтін іріктеуде басты ұстаным болуы тиіс [5].

4. Әдіскер-ғалымдар өз зерттеулерінде оқылым дағдысын қалыптастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін де ұсынды. Мысалы, Т.Шонанұлы өзінің «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы №6 санында жарық көрген «Зерттеу әдісі» деп аталатын мақаласында автор теорияны оқыта бермей, сол алған білімін тәжірибеде қолдана білетіндей етіп үйретудің маңызы жайында айтады. Зерттеу әдісінің қазақ даласындағы бұрынғы мектептерде болмағандығын, сол себепті оның жат екенін, ал жат нәрсенің бастауға қиын болатынын ескере келе, осы мақаласында ол тек қорықпай бастауға шақырады. Аталған мақаласында Т.Шонанұлы зерттеу әдісін қай ғылым салаларында қолдануға болатындығын жазады. Мұғалімдерге арналған бұл мақалада зерттеу әдісінің ана тілін оқытуда қалай қолдануға болатындығы бүге-шүгесіне дейін жазылған. Мәселен, Абайдың «Жазын» оқытқан кезде оны тек көшіртіп немесе жаттатып қана қоймай, алдымен жаз қандай болатынын сипаттап, содан соң балалардан сұрап, кейін Абайдың «Жазын» оқытып, оны өздерінің жазымен салыстырғызуды ұсынады. «Зерттеу әдісін жүргізу үшін: бақылау керек, сөз емес, нәрсені қолда ұстап отыру керек. Бала біреуге арқа сүйемей, өз бетінше іс қыла білу керек» деп, баланы тек оқытып қана қоймай, сол алған білімін өмірде пайдалана алатындай етіп оқыту керектігін ұсынды [7, 260].

Қошқе Кемеңгерұлы «Жат тіл оқыту әдісі» деп аталатын мақаласында өзіне дейінгі әдіскер ғалымдар айтып өткен талдау (анализ) және үйлестіру (синтез) әдістерін салыстырып, осы екі әдістің жат тілді оқытудағы пайдасы мен кемшін тұстары жөнінде сөз қозғап, талдау әдісінің жақтаушыларының көп екенін ескеріп, оның кемшін тұстарын айтып өтеді [3]. Осыған ұқсас мәселе Қ.Кемеңгерұлына дейін А.Байтұрсынұлының «Жалқылау (айырыңқы) әдіс» деп аталатын мақаласында да көтерілген болатын. Ахаң да үйлестіру және талдау әдістеріне сәйкесінше жалпылау, жалқылау деп атау беріп, тоқталып өткен.

А.Байтұрсынұлы «Жалқылау әдіс – жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілеу болса, жалқылаудың асылы – іріден ұсақтату» деп бұл әдіске анықтама беріп, кемшін тұстарын да айтып кеткен. Себебі бұл әдіс бойынша балалар әріпті үйренбей тұрып тұтас сөзді оқуды үйренеді. Алайда, бұл әдістің кемшілігі – сөзді жаттау. Яғни бала әріпті танымай сөзді бірден оқитын болғандықтан, бала оқыған сөздерінің неге олай оқылатынын түсінбей жаттайды [8, 323-329 б.б.].

Қ.Кемеңгерұлы үйлестіру әдісі әріптен бастап сөйлемге көшсе, талдау әдісі, керісінше, сөйлеуден бастап әріпке түсу керек дегенді ұстанады [3, 174-178].

Екі әдіскер-ғалым да талдау әдісінің, Байтұрсыновша жалқылау әдісінің дұрыс еместігін жазған. Ахаң бұл әдістің кемшілігі сөзді жаттау, ол сөздің неге олай оқылатынын түсінбеу десе, Қошке тіл құрамына үстірт қарағандықтан, жат тілді терең тексерте алмайды және жат тіл мен ана тілді салыстыра алмайды деп атап кетеді.

Қорыта келе, XX ғасыр басында қазақ даласында халықты сауаттандыру ісі дамыған кезеңде қазақ зиялылары қазақ тілінде көптеген оқулықтар жазып, ұлттық ғылым тілін қалыптастырып, сөздіктер құрастырып, аудармамен айналысып, халықты оқытуға көп күш салғанын көреміз. Осылайша қазақ халқын алдыңғы қатарлы ғылым-білімі, мәдениеті дамыған елдердің қатарына қосуды мақсат тұтты. XX ғасыр басындағы қазақ тілін оқыту ісі бүгінгі күнгі қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалады. Алаш зиялылары А.Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, Т. Шонанұлы, Қ. Кемеңгерұлының еңбектерін бір ғана оқылым әрекетін дамыту мәселесі тұрғысынан қарастырғанның өзінде осы бағыттағы кешенді зертту, жүйелі тұжырымдарды көреміз. Аталған ғалымдардың оқылым әрекетін дамыту ісі әрқашан жазылым әрекетін қалыптастырумен қатар жүруі керектігі жайлы дәлелді пікірлері, оқылым әрекетінің түрлерін жіктеулері, оқылымға ұсынылатын мәтіндерге қойылатын талаптар мен оқылым дағдысын қалыптастыру әдістері жайлы пікірлері бүгінгі тіл үйрету, ана тілін оқыту әдістемесінде де аса маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Ана тілінің әдісі 1927. №9 (24). 23-31-б. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.
2. 472-бет Т. Шонанов Жаңа әліппемен сауаттандыру жайында // «Жаңа мектеп». - 1929. №1. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.
3. Кемеңгерұлы Қ. Жат тіл оқыту әдісі. Жинақта: Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: «Алаш», 2005. – 317 б.
4. Байтұрсынұлы А. Жалқылаулы-жалпылау әдісі // («Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы). «Жаңа мектеп». 1928. №1. 31-37-б. Жинақта: «Тіл тағылымы». Алматы: «Ана тілі», 1992. - 368-372-б.
5. Аймауытұлы Ж. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». 1929.-№1. 11-36-б. Аймауыт ұлы. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». -1929.- №2.-7-31-б. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.
6. Әбдікәрімова Т.М. А.Байтұрсынұлының «Әліп-бій» оқулығының әдістемелік сипаты // «А.Байтұрсынұлы оқулары – III. «А.Байтұрсынұлы тағылымы: тіл, терминология, әдістеме» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Астана, 2010. - 215 б.
7. Шонанұлы Т. Тіл тамыршысы. Жинақта: Шығармалар. Мақалалар. Зерттеулер. - Алматы: «Ел-шежіре», 2011. – 367 б.
8. Байтұрсынұлы А. Жалқылау (айырыңқы) әдіс. Жинақта: Бес томдық шығармалар жинағы. 3-т. – Алматы: «Алаш», 2005. - 352 б.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

КУРМАНОВА А.К.,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, докторант
Астана, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассматривается методологическое наследие Ахмета Байтурсынова. В ходе анализа излагается актуальность, связь идей ученого с современной системой образования. Доказано, что нововведения в современной системе образования берут свое начало с идеи Ахмета Байтурсынова. Кроме того, анализируются взгляды интеллигенции, высказанные о месте А. Байтурсынова в духовности нации.

Abstract. The article examines the methodological legacy of Akhmet Baitursynov. In the course of the analysis, the relevance and connection of the scientist's ideas with the modern education system are